

Өз тілің – бірлік үшін

Қазақ тілін жетік меңгерген өзбек отбасы



Элмурат пен Сайера Ашурметовтар «Мерейлі отбасы» байқауының аудандық кезенінің үшінші қатысушылары.

Отбасы дегеніміз – ол адамның жылылық пен мейірімге толы киелі бесігі, қасиетті шаңырағы. Біздің Меңдіқара жерінде ғасырлар бойы ұрпақ сабақтастығы жарасымды жалғасын тауып келеді. Ел ішінде құрметке бөленген, ардақты, өнегелі отбасылар баршылық. Сондықтан да жыл сайын «Мерейлі отбасы» байқауының мәні артууда.

Шараның мақсаты – отбасы институты, адамгершілік, руханиятты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыра отырып, отбасы құндылықтарын насихаттау.

Осы орайда бүгін біз Михайлов ауылдық округінің тұрғындары, тіл



үйренуші, тілдерді оқыту орталығының тыңдаушылары Элмурат пен Сайера Ашурметовтар жайлы сыр шертпекпіз.

Элмурат пен Сайера 2020 жылы Михайлов ауылдық округіне Шымкент қаласынан «Серпін» бағдарламасы аясында отбасымен қоныс аударған. 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Қазіргі таңда отағасы жүргізуші болып жұмыс жасап, сонымен қатар мал шаруашылығымен айналысады. Жұбайы Сайера үй

шаруасында отырған аяулы ана.

Бағдарлама аясында қоныс аударып, жұмысқа орналысып әрі баспаналы болған отбасы жергілікті билік өкілдеріне дән риза

Осыдан 3 жыл бұрын Шымкент қаласынан «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қоныс аударған болатынбыз. Қазіргі таңда жүргізуші болып жұмыс жасаймын, жұбайым үй шаруасында. Келешекте тандыр нан жауып шағын кәсіп ашпақ ойымызда бар.

Отбасымызбен қазақ тілін жетік меңгергенбіз. Қазақ елінің азаматы болу мен осы елдің тілін меңгеру біз үшін үлкен мақтаныш. Тілді меңгеріп қана қоймай, салт-дәстүрлерді де дәріптеуге тырысамыз. Көші-қон, жұмысқа орналасу, баспаналы болу мәселелеріне үлкен септігі мен өз көмегін тигізген жергілікті билік өкілдеріне алғысызды білдіреміз, - дейді Элмурат Ергешұлы

Көпбалалы отбасының ұлты – өзбек. Шаңырақта-

рында берекемен бірлік, татулық орнаған жанұяның екі қыздары тұрмыста, атұстар екі ұлдары мектеп оқушылары. Фарухжан мен Мирхайит Степанов жалпы білім беретін мектебінде қазақ сыныптарында білім алады. Тек білім алып қана қоймай, үлкен ұлы Мирхайит өлең оқудан аудандық, облыстық байқаулардың жеңімпазы. Мұқағали Мақатаев, Әбіш Кекілбаевтың шығармалары мен өлеңдерін нақышына келтіре оқып, тіл мәрте-

бесін көтеріп жүрген нағыз патриот.

Қазақ тілін жетік меңгерген отбасы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген байқауларға белсене қатысып, өз бақтарын сынауда. Ашурметовтар отбасы қазақ халқының салт-дәстүрін берік ұстанып, қазақ тілінің дамуына өз үлестерін қосып жүрген абзал жандар. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілің – тірлік үшін» деген мақалды берік ұстанамыз деп сөз арасында ой түйді отағасы Элмурат ағай.

Өзге ұлт өкілдері, қазақ тілін үйреніп, құрметтеп жүргендері көңілге қуаныш ұялатады. Тілге, елге құрметпен қарайтын Элмурат пен Сайера секілді отбасылар көп болса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы «Отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» жобасы шеңберінде «Меңдіқара ауданының ішкі саясат бөлімінің» ММ тапсырысы бойынша іске асырылады.

**Ақмоншақ
БАЙДРАХМАНОВА,
тілдерді оқыту
орталығының мұғалімі**